

Хакім Абайдың 180 жылдық мерейтойына арналған он күндік



Абай ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ Қарауыл жазығында, Жидебайдың түбінде, әйгілі Шыңғыстаудың баурайында өткен Хакім Абайдың 180 жылдық мерейтойына іссапармен барды. Он күндік мерекенің Қарауылтөбеде өткен қорытынды жиынына, Адамзаттың Абайы атанған біртуар тұлғаның рухына арналған асқа қатысып, профессор: «Қарауылтөбенің шеті, шегі жоқ байтақ жазығында орын тепкен биік сахнадан кемеңгер Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романынан

алынған сюжеттер негізінде өнер саңлақтарының қойылымы көрсетілді... Әсерленбеген, тебіренбеген адам қалмады... Жазықта отырған қырық мыңға жуық көрермен сілтідей тынып, демін іштей алып, көздеріне мөлтілдеп жас үйіріліп, Абайдың өмірбаяны мен тағдырынан сыр шерткен театралдық қойылымға көз тікті... Абай өлеңдері мен әндері Шыңғыстау баурайын жаңғыртып, әсем, әсерлі әуендердің үні екі жүз шақырымда жатқан Семей қаласының жұртына да жетіп жатты...



Елдігімізді, ұлтымыздың ауызбірлігін, береке, ынтымағын жалпақ әлемге тағы да бір рет әйгілеген игілікті халық тойы елдің есінде ұзақ сақталатынына бек сенемін! Тойымыз тойға ұлассын қымбатты бауырлар!



...Бір топ қаламгер қаланы аралап, Хакім Абайдың, Данышпан Шәкәрімнің, қазақ өнерін әлемге алып шыққан әйгілі Өміренің ескерткіштерінің алдында тағзым жасадық, тебірендік... Алаштың астанасы Семей, Абайдың туған жері Шыңғыстау, Қарауыл, Жидебай, барлығы бір сәт Алты Алаштың баласын құшағын жайып, қарсы алып, бар ықыласымен, туған анамыздай мейірленіп, маңдайымыздан иіскеп көріскендей күй кештік... Алғысымыз шексіз Абай еліне! Жарқырай берсін, жасай берсін, күннен-күнге жасара берсін мәңгі қала Семейім!» – деп өз әсерімен бөлісті.

Абай институтының ақпараттық қызметі